

- **3D Secure дегеніміз не?**

3D Secure –бұл Visa төлем жүйелері (Verified by Visa жүйесі) әзірлеген озық технология, 3D Secure құпиясөзін енгізу арқылы карта иесін қосымша сәйкестендіруге мүмкіндік береді. 3D Secure төлем карталарын пайдалана отырып, даулы операциялардың санын және Интернеттегі алаяқтық деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

«Bereke Bank» АҚ өз клиенттеріне - төлем карталарын ұстаушыларға Интернет желісінде қауіпсіз төлемдердің жаңа 3D Secure қызметін ұсынады: *Verified by Visa* (VISA карталары үшін), *Secure Code* (MasterCard карталары үшін), *Мир Accept* (Мир карталары үшін), *UnionPay 3DS* (UnionPay карталары үшін).

- **3D Secure қалай жұмыс істейді?**

3D Secure технологиясын пайдалана отырып сауда жасай отырып, Сіз Интернет желісінде төлемді жүзеге асыру үдерісінде жаңа артықшылықтарға ие боласыз. 3D Secure технологиясын қолдайтын интернет-дүкенде операция жасау кезінде Сізден тек Сізге ғана белгілі 3D құпиясөзін енгізу сұралады. Құпиясөз енгізілгеннен кейін интернет-дүкен мен Банк арасында қорғалған байланыс орнатылады және Сіз енгізген деректер сәйкестендіріледі. Сатып алу ақысын төлеу интернет-дүкен сәйкестендіру сәтті жүргізілгені туралы Банктен растау алған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

- **«Bereke Bank» АҚ 3D Secure қорғанысы бар картасын ұстаушы қандай артықшылықтарға ие болады?**

1) Кредиттік және дебеттік карталарды пайдалана отырып жүргізілетін интернет-төлемдердің қауіпсіздігін арттыру.

2) Егер Сіз Интернет арқылы операцияларды жүзеге асыруды жоспарламасаңыз, 3D Secure сіздің қатысуыңызсыз мұндай операциялардың болмайтынына сенімділік береді.

3) Сізге жаңа технология бойынша тауарлар немесе қызметтер ақысын төлеу үшін картаңызды өзгертудің қажеті жоқ –тек 3D Secure арқылы жұмыс істеу мүмкіндігін беретін құпиясөзді алу қажет.

- **Бұл қызметті қосу үшін комиссия қандай?**

3D Secure құпиясөзді тіркеу және алу комиссиясыз және Банкке келмей-ақ жүзеге асырылады.

- **3D Secure қызметін қалай қосуға болады?**

Visa төлем карталарының барлық ұстаушылары 3D Secure қызметіне қосылған. Интернет сайтта операция жүргізу кезінде 3D Secure құпиясөзі автоматты түрде шығарылады және Клиенттің ұялы телефоны нөміріне СМС арқылы келеді. 3D Secure қызметін дұрыс пайдалану үшін төлем картасын ұстаушы SMS-банкинг қызметіне қосылған болуы тиіс.

## «Bereke Bank» АҚ

### Интернет желісінде төлем жасау үшін төлем картасының деректемелері

